

МДТО үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін пәндік- кеңістіктік дамытушы орта

Мектепке дейінгі ұйымда 10 топ жұмыс істейді. Барлық топтарда жатын бөлмелер, ойын бөлмелері, қабылдау бөлмелері, жуынатын бөлмелер бар. Барлық топтар балалар саны мен өсу көрсеткіштеріне сәйкес жиһазбен жабдықталған. Топтық бөлмелерде қажетті дидактикалық және ойын материалымен жабдықталған. Топтарда балалардың барлық мүдделерін қамтитын ойын және тақырыптық аймақтар бар. Балабақша педагогтары пәндік-кеңістіктік дамыту ортасын білім беру салаларын интеграциялау қағидатын ескере отырып ұйымдастырған. Бір білім беру саласына арналған материалдар мен жабдықтар басқа салаларды іске асыру барысында да пайдаланылуы мүмкін. Барлық топтарда пәндік-дамытушылық ортаны құрудың гендерлік қағидаты сақталады, бұл қыздар мен ұлдарға біздің қоғамда қабылданған нормаларға сәйкес өздерінің бейімділіктерін көрсетуге мүмкіндік береді. Әр топта (қабылдау бөлмелерінде) балалар шығармашылығының көрмелері (балалар ата-аналарымен бірге жасаған суреттер, қолөнер, жобалар) ұйымдастырылады. Балабақшада баланың үйлесімді дамуына ықпал ететін әр түрлі іс-әрекеттегі балалардың танымдық дамуы мен белсенділігін ынталандыратын пәндік-кеңістіктік даму ортасы жасақталған. Баланың жас және жеке даму ерекшеліктері ескерілді, қозғалыс белсенділігінің әртүрлі түрлері, салауатты өмір салтын қалыптастыру үшін жағдайлар жасалды. Балалардың тұлғалық, зияткерлік, әлеуметтік және эмоционалдық дамуын қамтамасыз ететін жағдайлар жүйесі-заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны ұйымдастырылған. Осылайша балабақшадағы заттық-дамытушы орта баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз етеді. Балабақшамызда облыстық білім бөлімінің қолдауымен «Рухани Жаңғыру-сәби шақтан» атты, жас кәсіпкер Ерасыл Сәкенұлының «Жеті ойыншық» авторлық жобасы бойынша ұлттық нақыштағы ойыншықтармен жабдықталған кабинеті, сонымен қатар музыка, гимнастика, спорт залы, логопед, психолог кабинеттері жұмыс жасап жатыр. Балабақшада ақылы қосымша қызмет би, шахмат, тоғызқұмалақ, вокал, мектепке дайындық үйірмелері бар.









